

ОӘЖ 334.723(574)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӘСІПКЕРЛІГІН МЕМЛЕКЕТТІК
ҚОЛДАУ. КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУДЫҢ НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
БАЗАЛАРЫ**

Сақтаған Төреқабыл Серікұлы

aisaule_10@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Геодезия және картография мамандығының 1 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – к.э.н., доцент Н.О.Молдашев

Еліміздің алдында тұрған мақсаттарға қол жеткізу мен белгіленген міндеттерді шешуде кәсіпкерлікті ұйымдастыру мен дамытудың маңыздылығы жоғары. Сондықтан да мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті дамытуға ерекше көңіл бөлініп, жергілікті және орталық атқарушы органдарға нақты міндеттер жүктелді. Осыған байланысты кәсіпкерлікті ұйымдастыру, рұқсат ету жүйесін жетілдіру, мемлекеттік қолдау мәселелері бойынша нақты іс-шаралар қабылданып, жүзеге асырылып келеді. Тәуелсіздік алғаннан бастап қазіргі кезге дейін кәсіпкерлікті дамытуға арналған арнайы мемлекеттік бағдарламалар қабылданған [1, 9].

Кәсіпкерлікті қолдап, шағын және орта бизнесті дамыту әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына еруге бет алған Қазақстан үшін кәсіпкерлікті даму мәселесі – өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өркениетті елдердің барлығы да өздерінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде шағын және орта кәсіпкерлік нысандарына арқа сүйейді.

Кәсіпкерлікті дамыту – нарықтық дамытудың кепілі. Сондықтан да, кәсіпкерлік төңірегіндегі көптеген мәселелердің көтеріліп жатуы да оның экономикадағы рөлінің өте маңыздылығын көрсетеді. Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес, әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар [2, 23]. Осының негізінде әрбір азамат өзінің бизнесін кез-келген уақытта ашуға және мемлекеттен қолдау алуға мүмкіндігі бар.

Әрбір кәсіпкерлікті дамытуға жәрдем беретін мекемелердің өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері болады. Олардың барлығы әр түрлі факторларға байланысты. Кәсіпкерлерге тиісті шешімдер қабылданған кезде кейбір мекемелер әлеуметтік мақсаттарға аса назар аударады, ал басқалардың басшылары бәлкім жеке басының қамын ойлайды.

Қазақстанда тәуелсіздіктің 20 жылдық кезеңінде кәсіпкерлікті мемлекеттік қаржылық қолдаудың жүйесі қалыптасты: субсидиялау, жеңілдікті несиелер, дотация, салық жеңілдіктері және т.б. Қаржылық қолдау беру жүйесі біршама ықшамдалды. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайын күшейту, республикалық бюджеттің қалыптасуының тұрақтылығы арқылы қоғамдық өндірістің басым бағыттағы және жоғары мәнге ие салаларына бюджеттік субсидия бөлу әдісімен мемлекеттік қолдаудың формаларын нығайту үшін экономикалық алғышарттар жасалды:

- макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
- экономиканы жаңғырту және әртараптандыру;
- аймақтық деңгейде өндірістік факторларды пайдалану тиімділігін арттыру [3, 33].

Кәсіпкерлікті қаржылық қолдау қазіргі әдіснамасы біршама кемшіліктерге ие. Бұл алдымен отандық және импорттық өнімді тең емес бағалық шарттарға қоятын өндірілетін өнімнің төмен үлестік салмағы; қаржылық қолдау жүйесі өнімді алуға тауар өндірушілерді толықтай қызықтыра алмайтындығына байланысты. Қаржылық қолдау алушылардың, ең алдымен өнім алуға, өндірісті техникалық қайта жарактандыру мен заманауи технологияларға өтуге қызығушылықтарын тудыру үшін мемлекеттік қолдау шараларының ынталандырушы рөлін күшейту талап етіледі. Осы ретте қолдаудың бағдарламалаар түрде сараланған нормативтері енгізілді, яғни өндірісті жаңартумен айналысатындар, заманауи технологияларды қолдана білетін тауар өндірушілер қаржылық қолдауды жоғарылатылған мөлшермен алады. Әлемдік экономиканың жаһандануы кезеңінде мемлекеттік реттеудің әдіснамасы көп нұсқалы талдамалық және болжамдық есептеулерді қамтамасыз ететін экономикалық-математикалық үлгілеу және олардың бағдарламалық жүзеге асу құралдарын пайдалануды ұсынады. Қазақстанда кәсіпкерліктің қарқынды дамуы экономикалық реформаларды табысты жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар кәсіпкерлікті дамыту арқылы бірқатар маңызды міндеттерді шешуге қол жеткізеді. Мысалыға: жаңа жұмыс орыны, жұмыссыздықтың азаюы, ішкі нарықтағы отандық өнімнің көбейюі, бизнес-идеялардың пайда болуы, салықтық түсімдердің өсуі және т.б. Сонымен қатар бұл өзгерістердің барлығын мемлекет тарапынан қадағалап және бақылап отыру қажет.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау деп Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік бастамашылықты іске асыру үшін құқықтық, экономикалық қолайлы жағдайлар жасау, кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру бойынша мемлекеттік кешенді шаралар түсініледі. Кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлейді. Кәсіпкерлік қызметке қатысуда мемлекет тарапынан келесідей қағидалар сақталуы қажет: 1) аңдылық, 2) негізділік, 3) шектеулілік, 4) жарысқа қатыспаушылық [4, 24]. Мемлекет кәсіпкерлік қызметке заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу және мемлекеттік кәсіпорындар құру арқылы қатыса алады.

Кәсіпкерлікті дамытуда үлкен рөлді әділет органдары да алады. Осы салада қазіргі уақытта шағын және орта бизнестер үшін мемлекеттік тіркеу әрекеттері оңайлатылды, соның ішінде мемлекеттік тіркеу мерзімдері қысқартылды, «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Астана қаласы бойынша филиалы – «Халыққа қызмет көрсету орталығы» департаментіне тапсыру құжаттарды азайтылды және электрондық үкімет порталы енгізілді [5, 12].

Осылайша, кәсіпкерлікті дамытуда әділет органдары активті түрде өз үлестерін қосады. Сонымен қатар, кәсіпкерлік субъектілер өзінің мекен-жайына байланысты әр түрлі қызықтыратын сұрақтар бойынша аумақтық әділет органдарына жүгіне алатынын айта кеткен жөн. Бұл сұрақтарға бизнес ашылуы, «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Астана қаласы бойынша филиалы – «Халыққа қызмет көрсету орталығы» департаментіне тапсырылатын құжаттарды рәсімдеу сұрақтары, мемлекеттік қайта тіркеу, заңды тұлғаның қызметін тоқтату сұрақтары жатады және осын сұрақтарға органдармен нақты жауаптар беріледі. Одан басқа, заңды тұлғалардың өкілдерінен түсетін сұрақтардың көбеюіне байланысты мүдделі органдармен (Мемлекеттік кірістер басқармасы, «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Астана қаласы бойынша филиалы – «Халыққа қызмет көрсету орталығы» департаменті, Астана қ. аумақтық кәсіпкерлер Палатасы, ҚР Статистика комитеті, т.б.) кездесулер, семинар-жиналыстар, дөңгелек үстелдер өткізіледі.

Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы сапа жағына қарағанда сан жағынан өсуде. Сапа жағынан жетілдіру үшін инновациялық қызмет пен мемлекеттік реттеу жеткіліксіз мөлшерде. Сондықтан да, әлі де болса инновациялық кәсіпкерліктің тиімді жолға қойылуы үшін мына принциптерді жүзеге асыру қажет:

- инновациялық жеке кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын, бизнес-инкубаторларын, технологиялық парктер, индустриалдық өңірлер және басқа да жеке кәсіпкерлікті дамыту объектілерін құру және дамыту;
- инновациялық жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету;
- инновациялық шаруашылық етуші субъектілердің реттеуші және қадағалаушы қызметтермен және жергілікті билік органдарымен өзара әрекеттесу әдістерін жетілдіру;
- тиімді бәсекеге қабілетті орта үшін жағдайлар жасау;
- инновациялық кәсіпкерлік ахуалды жақсартуға жәрдемдесу, өңір экономикасына салымдардың тартымдылығын мақсатты жоғарылату.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Айтөреева Ә. Қазақстандағы инновациялық кәсіпкерлікті қолдау. // «Сейфуллин оқулары – 9: жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары . Алматы 2013ж. – Т.ІІ, ч.2. – Б. 305
2. Кубаев К.Е. «Теория и практика менеджмента».–Алматы: «Қазақ университеті», 2005.– 486 С.
3. Ф.Файоль, Г.Эмерсон, Ф.Тейлор, Г.Форд. Управление – это наука и искусство.-Москва, 1992 г.– С.349

4. А.Кибанов А.Я. Основы управления персоналом: Учебник. – М.: ИНФРА-М, 2002., С. 304
5. Кубаев К.Е. Психология экономического торго.-Алматы, 2002 г.– С.223
6. Баркер А. Как еще лучше управлять людьми/Пер.с англ.-М.:ФАИР-ПРЕСС, 2002.– 272 С.